

- 4 Цит. on: Popova S.V. Dom in foreign literature of the XX century//poetics and prosody Problems, Almaty, 2003.
- 5 Lotman M.Yu. *Conversations about the Russian culture*, Sankt Petersburg, 1994.
- 6 Ulitskaya L.E. *Medea and her children*, Moscow: Vagrius, 1997, 336 p.
- 7 Yesin B.A. *Principles and receptions of the analysis of the literary work*, Moscow, 2003.

ӘОЖ 821.512.12.398

М.І.Әбдуов, С.А.Сабитова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: samalet_89@mail.ru)

Діни дастандардағы мифтің түрлену жолдары

Мақалада діни дастандардағы мифтің адамнан адамға, ұрпақтан ұрпаққа берілуі және түрлену жолдары қарастырылды. Діни дастандарда мифологиялық сарындардың қолданылуын айқындау арқылы мифтердің қаншалықты түрленгендігі туралы айтылды. Сондай-ақ мифтердегі ерекше көріністер діни дастандарда белгілі бір деңгейде түрлендіріліп қолданылуы сипатталды. Сонымен бірге діни көркем туындыларға жүргізілген олардың тарихына, мазмұнына, поэтикасына қатысты зерттеулер ескеріледі.

Кілт сөздер: фольклор, дін, дәуір, мифология, дастан, аңыз, рухани мұра, дәстүр, тарих, поэзия.

Діни дастандардағы ұлттық рухани мұра ретінде арнайы қарастыру, зерттеу жұмыстарын жүргізіп, жүйелеу, талдау, әдебиет пен фольклордың өзге жанрларымен арасындағы байланыстарын айқындау, көркем дүниелердің дамуына қосқан үлесін анықтау, сюжеттік желісі мен көркемдік ерекшеліктерін ашу еліміз егемендік алғаннан кейін ғана барып қолға алынды. Академик Р.Бердібаев: «Өзгелерін айтпағанда бізге діни аңыздың оқиғаларға негізделген жырлардың ешбір топқа да, тақырыпқа қосылмай келуі зерттеушілік тәжірибе мен мәдениеттің кенжелігіне байланысты. Орыс және ынтымақтастық (грузин, армян т.б.) халықтар фольклоршылары діни-рухани шығармаларды зерттеп, олардың фольклор жүйесіндегі орны мен ерекшелігін белгілеп жүргендіктері ғибрат аларлық нәрсе. Фольклордың белгілі, санаулы жанрларын ғана есепке алып, оның басқа бірталай салаларын ұмыт қалдыру ғылыми принциптерге қайшы болмақ» [1] деп атап көрсеткен болатын. Сонымен қатар кеңес дәуіріндегі тоталитарлық жүйеде, коммунистік партияның саясатына сәйкес келмейтін дүниелерді жариялауға да, зерттеуге де тыйым салды. Десекте, халық өзінің рухани құндылықтарын жоғалтқан да, жойған да жоқ. Көнеден келе жатқан дәстүр негізінде талай тамаша мұралар ауыздан ауызға көшіп, кейінгі ұрпаққа жетіп жатты. Халық қазынасына, ата-баба аманатына жанашыр жандар әр кезеңдерде заман талабына сәйкес еңбек етіп, түрлі себептерді қолдана отырып, аталмыш дүниелердің келесі ұрпаққа жетуіне жағдай жасады. Көптеген зерттеулердегі байқалатын бір мәселе рухани құндылықтардың, солардың ішінде, әсіресе, діни туындылардың XIX ғасырдың екінші жартысында жаппай жариялануы, Қазан, Ташкенттегі баспалардан жинақ түрінде жарыққа шығуы кездейсоқ мәселе емес еді. Діни дастандардың басылып шығуына байланысты фольклортанушы Б.Әзібаева былай дейді: «Большая часть их была опубликована в досоветский период, но, несмотря на это, в казахской фольклористике они впервые подвергаются анализу. Известно, что ранее религиозная литература изучалась только как отрицательное явление. Новая общественно-политическая ситуация и начавшееся духовно-нравственное очищение общества от идеи идеологии отдельной партии и группировок дают нам возможность по-новому оценить многие явления духовной жизни, в том числе религиозные дастаны. Разумеется, при этом мы не должны впадать в другую крайность, то есть избегать необъективного восхваления, чрезмерного преувеличения достоинств исследуемого объекта» [2]. Әрине, кеңестік дәуірде діни әдебиеттерге өзгеше көзқарас болғандығын біз де жоққа шығара алмаймыз.

XIX ғасырдың соңы және XX ғасырдың басында халықтың діни мұралары жарыққа шығумен қатар, нәзира үлгісінде қайта жырланған, исламды насихаттайтын туындыларда көптеп өмірге келді. Оның бір себебі, діни сауатты, әсіресе, Қазанда, Уфада, Троицкіде медреселерде оқып бітірген ақындардың саны көбеюі болып табылады. Солардың көшбасында Ақмола Мұхаммедиярұлы,

Шортанбай Қанайұлы, Жүсіпбек Шайхисламұлы, Шәді Жәңгірұлы тұрды. Олар діни дастандарды қайта жырлады, діни аңыздарды қиссаларға айналдырды, кітап етіп бастырып шығарды. Сондықтан да бұл кезең діни ағартушылық ағымның өркендеген, дамыған дәуірі болды. Бұл мәселе жайында Уәлихан Қалижанұлы былай дейді: «Діни ағартушылық поэзия өкілдері діни схоластиканы уағыздаған жоқ, олар діннің ақ жолын қоғамның даму көзіне айналдырып, мұрат тұтқан, бүгінгінің тілімен айтсақ, ағартушылық қозғалыстың басында тұрды. Олар жалпы ұлттық идеяға айналды. Егер қазақ халқының соңғы 80 жылдың ішінде оқу-білімге деген құмарлығы неге сөнбей отыр десек, сол идеяның жаңғыруының санаға сіңген жемісі деп білген жөн. Ол процесс әлі біткен жоқ» [3]. Ой айқын, пікір нақты. Расында, бұл процесті тоқтатуға болмайды. Өйткені діннің адамгершілік қағидаларын насихаттайтындығы ақиқат. Олай болса, зерттеуді, талдауды дінге қатысты мұраларға дамыта түсетіндіктен, біз жаңашыл жәйттерге қол жеткізе береріміз рас.

Діни көркем туындыларға жүргізілген соңғы зерттеулерде олардың тарихына, мазмұнына, поэтикасына қатысты тың пікірлер өмірге келді. Мәселен, Ж.Әбдіғаппарова былай дейді: «XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиетінде мұсылманшылдықты дәріптейтін діни тақырып ерекше орын алды. Оның негізгі себебі патша өкіметінің отарлау саясаты крестьяндарды қазақ жеріне жаппай қоныстандыру, сол арқылы жергілікті халықты басып, билеп-төстеудің жолын арттыру, рухани тонау, орыстандыру, шоқындыру жұмыстарын жандандыра жүргізумен қатар іске асырылды. Міне, осындай іс-әрекеттер нәтижесінде қазақ даласында «мұсылмандық қозғалысы» өріс алды. Бұған сол дәуірдегі діни-ағартушылық бағыттағы ақындар тудырған шығармалар дәлел бола алады. Осы кезеңде әдебиет сахнасына қоғам қажеттілігінен туындаған діни-ағартушылық ағым пайда болды. Бұл ағым өкілдері XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында өзіне тиесілі міндетін жоғары дәрежеде атқарды» [4]. Діни дастандардағы ислам дінінің насихатталу себебі ерекше қарқынмен көптеп жариялануы осындай тарихи жағдайға байланысты болуы әбден мүмкін.

Кез келген көркем туындының жан дүниесі сюжеттен тұрады. Сюжетсіз шығарма адамның көңіл-күй сипатын ғана тануы мүмкін. Ал, сюжеттің пайда болуының бірнеше жолдары бар. Мәселен, ол тарихи оқиға негізінде туындауы мүмкін немесе аңыздың желісінен алынуы мүмкін, болмаса, тіпті ойдан да шығарылатын сюжеттер болады. Солардың қай-қайсысы болмасын белгілі бір мақсатты көздейді. Ал, мақсаты мен маңызын ашсақ, айтарлықтай жетістікке қол жеткізеріміз анық. Осы мәселеге баса назар аударған ғалым Б.Әзібаева былай дейді: «Кейбір сюжеттердің пайда болуы, игерілуі және таралуы, сондай-ақ ең бір кең тараған дастандардың өрбу тарихы ғылым үшін айрықша мәнді. Себебі осынау нақтылы фольклорлық-әдеби процесс арқылы көркем шығармашылықтың артық заңдылықтарын аңғаруға болады. Сондай-ақ дастандарды саралау ғылыми жағынан тұтас бір түрді танып-түсіну үшін өте маңызды. Өйткені шығарманы танып-түсіну арқылы дастан жырының жалпы қайда болуы мен қалыптасу заңдылықтарын білеміз» [5]. Олай болса діни дастандардағы мифологиялық сарындардың қолданылуын айқындау арқылы, ерекшелігін, мифтердің қаншалықты түрленгендігін, олардың оқиғаны жандандырудағы, әсірелеудегі қызметін анықтауға мүмкіндік ашамыз.

Адамзаттың дамуына жетілуіне мифтің бағзы замандарда үлкен рөл атқарғандығын аңғаруға болады. Әрі қызықты, әрі тәрбиелік мәні бар, әрі жаратылыс құбылыстарын бейнелеуге, түсіндіруге арналған толымды туындылар адамзат қауымына аз мерзімге емес, мыңдаған ғасырлар бойына қызмет етті. Бірте-бірте кәсіп пен тіршіліктің дамуына байланысты, мифте тың дүниелердің бойына қажеттілікке орай орын теуіп, кең құлаш жайды. Жаратылыстың жандануына байланысты, рухани әлемде өсіп, өркендей түсті, олардың қай-қайсысына болмасын кезінде сананың дамуына зор үлес қосқан мифтің араласуы заңдылық еді. Кез келген құбылыстың пайда болу, даму, қалыптасу қағидасы болатыны тәрізді мифтің де осы сатыларды басынан өткергені мәлім. Солай болған күнде де өзге мұралардың бойына орныққан миф өзінің толық тұлғасын бастапқы негізін барлық жағдайда бірдей толық сақтап қалған жоқ. Кей тұстарда сұлбасы ғана аңғарылса, енді бір жерлерде үзік-үзік детальдық бөлшектер байқалды, иірім түрінде қолданылған тұстары жоқ емес.

Жаратылыс жайлы баяндалатын мифтердің мазмұнындағы басты ұстаным — жұптасу заңдылығы. Мифологиялық ұғым бойынша қарама-қарсы құбылыс та, қатар құбылыс та егіз деп есептелген. Мәселен, Ай мен Күн, Жер мен Су, Қараңғы мен Жарық — дүниенің егіз сипаттары. Сондықтан олар туралы мифтерде аталған бейнелер жеке дара алынбай, жұп-жұбымен байланысты, оқиға сабақтастығында суреттелген. Мифтегі осы әрекет Көк пен Жерге де қатысты. Пікіріміз нақты болу үшін мифтік аңызға назар салып көрелік: «Күндіз Күн нұрын төккен түнде Ай сәулесін жаққан ғаламда тоқсан тоғыз әлем бар. Олардың әрқайсысының өзінің Күні мен Айы, Көгі мен Жері болады.

Жердің астында тозақ орналасқан» [6; 11]. Келесі мифте былайша сипатталады: «Жердің нақ кіндігінде әлемдік сумер жауы орналасқан. Бұл ежелгі түркілердің мекені. Онда құдайлар мен біздің ата-бабаларымыздың әруақтары мекен етеді. Таудың дәл ортасында Жер мен Көк түйіседі. Олардың тоғысқан жерінен алып бұтақты алқа жапырақты зор Бәйтерек өсіп шыққан. Бәйтеректің ұшар басы Үлкен Тәңір мекендейтін жоғарғы әлемге дейін жетеді» [6; 15]. Аспан әлеміне қатысты айтылатын мифтерде Көк пен Жер жұптасқан түрде алынғандығын аңғарамыз.

Енді діни дастандарға көңіл аударалық. Көк пен Жерге байланысты мифтің сюжеттері қолданылған дастандар жоқ, тіпті иірім түрде алынған үзік сюжеттер де кездеспейді. Бірақ дәстүрлі сұлба сақталған. Нақтырақ айтқанда, көпшілігінде Көк пен Жер егіз жаратылыс тәрізді қолданыс тапқан. Мысалы, діни аңыздардағы айтылатын Даниял пайғамбардың жалғыз ұлы Жамсап туралы дастанда:

*Бар әлемді жаратақан Құдіретім,
Жер мен көк, бар әлем бас иетін.
Даниял қаза жетіп дүние салды,
Бес жасында Жамсабы қалды жетім* [7; 4], —

деп екеуін бірінен-бірі ажыратпай қатар алған. Неге? Неліктен және бірін ғана алып қолданбаған? Оның, әрине, өзіндік себебі бар.

Сан ғасырлар бойы санаға сіңіп қалыптасқан ұғымдар қандай жағдайда болмасын адам қабылдауына жеңіл әрі түсінуге оңай болады. Олай болса, Жер мен Көк, бір жағынан, барлық әлем деген ұғымды аңғартады. Ал, оның түп негізі мифте жатыр. Мифология бойынша екеуі алғашқы жаратылыс, қатар пайда болған. Сол негізде осы ұғым егіз күйінде адамзат санасына орныққан. Тіпті тұрақты сөз тіркесіндегі кез келген бір сөзді оған мәндес екінші сөзбен алмастырсаңыз, тіркес өзінің бастапқы ұнамдылығын жояды, кей жағдайларда мағынасы да алшақтап кетуі мүмкін. «Тоқсан сөздің тобықтай түйіні» дегенді «Тоқсан сөздің тобықтай қорытындысы» десек, тіркестік жүйе бұзылады. Олай қолданыс, кеңістік аясындағы уақыт елегінен өте келе сюжеттен бөлініп, дараланып барып өзге мұраларда қолданылған. Сондықтан мұндай қолданыстарды мифтік аңыздардың негізінде қалыптасып жеткен ұғымдар деп атауға болады. Көк пен Жердің егізделген ұғымы тарихи оқиға негізінде шығарылған діни дастандарда да кездесіп отырады. Мәселен, «Кербала шөлінің» бір тұсында:

*Еңкейтін желкесінен шапты қылыш,
Өлтіріп қауарыждар тұрды тыныш.
Су ақпай әсер шайқалып, күн тұтылды,
Жер мен Көк тартты бәрі көп күйініш* [8; 31], —

деп жырланса, келесі бір жерінде тағы да:

*Басын кескен жерінен төгілді қан,
Жер айырылып зар еңіреп қалды озан.
Құдай-ау, бұл не қасырет ғалам деп,
Жер мен Көк бәрі тітіреп болды қайран* [8; 31], —

деп көнеден келе жатқан дәстүрлі тіркесті өзгеріссіз алып пайдаланған. Мифтік аңыздарда алғашқы жаратылыс Жер мен Көк болғандықтан, ол әлем деген ұғыммен сабақтасып өзінің негізгі бастапқы өзегін жоғалтпай кейінге дейін жеткендігін біз анық аңғарамыз. Бұл ықшамдалған, сұрыпталған түйінді тіркес болып табылады. Яғни, мифтің жұқанасы деуге де болады. Өйткені «Көк пен Жер» деп айтқанда, көне аңыздың лебі сезіліп тұрғанын аңғарамыз.

Мифологияның өзіне тән сипаттары мен ерекшеліктерінің болатындығы белгілі. Солардың бірі — аңдардың, құстардың, жануарлардың тіл бітіп адам тәрізді сөйлеуі. Яғни көне дәуірдегі адамзат қауымы өзге жан иелерінің де ойлау, сөйлеу қабілеті бар, сондықтан оларға түсіністікпен қарау керек деп пайымдаған. Жандана ғана сөйлетіп қоймай, өсімдіктерді де тіл білетін жаратылыс ретінде көрсетпек. Мифологияда мұндай ерекшеліктердің пайда болуының өзіндік себебі де бар. Оның негізгі өзегі адами кәсіппен байланысты. Мәселен, тұрақты түрде қасқыр аулаумен айналысқан адам уақыт өте келе, ол аңның іс-әрекетін, үйреншікті ершеліктерін және тағы басқа да қырларын жетік меңгеріп алады. Бұл жәйт сырт адамға таңсық. Сондықтан өзгелер жанағы аңшыны қасқырмен тіл табысқан, қасқырдың тілін білетін жан ретінде қабылдаған. Өсімдік те сол тәрізді. Сыртқы сипатын толық танытып, жеуге жарамдылығын білген, дәмін ажырата танып, ішкі қасиетін жетік меңгерген адамды көптің тілін білетін адам ретінде есептеген. Міне, осылардың барлығы мифтің сюжетіне қолданысқа түскен.

«Жапалақ көрсен атып ал» деген мифте Көкжендет атты құс жай ғана сөйлемейді, шешендік өнердің үлгісін көрсетеді. Сүлеймен патшаның жарлығын жүзеге асырып жүрген Көкжендет үйге келіп былай дейді:

*Балық жүнің балтиып,
Жалғыз өзің жалтиып,
Батырымсып талтиып,
Құлағыңды қалқитып,
Екі ұртыңды салтитып, —
Не қып отырсың?
Хан жарлығын неге орындамайсың?
Байғыздың басы қайда тап?! —*

депті. Мифте адамзат пен құстардың арасында тілдік тұрғыда еркін қарым-қатынастың болғандығын көрсетеді. Ал, келесі бір мифте адамша сөйлей білетін аңның елдің барлығымен емес, жекелеген адаммен ғана жауаптасатындығын аңғартқан. Мәселен, соңынан қуған аңшылардың арасындағы баламен ғана сөйлескен қасқырды былайша сипаттайды: «Бәрінен байдың баласы қасқырға бұрын жетіп, ұрмақшы болып төніп келе жатқанда, қасқыр артына қайырылып:

– Тарт қолыңды! — дейді.

Бала есі шығып қалады. Артында қалған қуғыншылар жетіп келіп, балаға:

– Неге ұрмадың? — деп сұрайды.

Сонда бала:

– Қасқыр «Ұрма!» деді, — дейді.

– Ойбай, қуайық, ұрмасы несі? Қасқыр сөйлей ме екен? Егерде ұра алмасаң, атты бізге бер, — деп аналар кеу-кеулеп еді бала серіктерінің сөзіне еріп, қасқырға тағы бұрын келіп жетеді» [9]. Бұл мифте бір ерекшелік өзгелердің (баладан басқа) қасқырдың сөйлейтініне сенбеуінде жатыр. Өйткені алдындағы аңызда адам мен құстардың жауаптасуы үйреншікті қалыпты жәйт ретінде көрсетілген. Соған қарағанда соңғысы алғашқысынан көп кейін пайда болған тәрізді. Енді, мына мифке назар аударып көрелік. Жаратушы жас бөлгенде адамға аздау жас мөлшерін беріп өзге жаратылысқа ұзақ ғұмыр бергендігі жайлы аңызды көпшілік жақсы біледі. «Мынадай үкімді ести сала Есек Жасағанның аяғына жығылып, басын жерге ұрып:

– Егер маған дүниеде сондай азаппен өмір сүру жазылса, соншама жас не үшін керек? Ғұмырымды жиырма жылдай азайтсаңыз, тәуір болар еді, — деп жылапты.

Сол уақытта Адам жақындай:

– Есектің жиырма жылын маған қосуыңызды сұраймын, — деп арыз қалыпты.

Бұл өтінішіне ол жаратушының разылығын алыпты.

Ит сондай қайғырып:

– Егер маған сондай қорлықпен өмір сүру бұйырылған болса, адамның үйін һәм уақ-түйек нәрселерін күзетіп, қарауылдаумен ғұмырымды өткізем, сүйек кемірsem, оның несі өмір. Жасымды жиырма жылдай азайтсаңыз, жақсы болар, — деп арыз қылыпты.

Мұны естіп тұрған Адам қайтадан келіп, иттің алмай тұрған жиырма жасын өзіне қосқызыпты. Өзіне айтылған үкімді естіп шошынған маймыл зарлап, құдіретті жаратушының алдына тізерлеп отыра кетіп:

– Адамға тек сыртқы келбетім ғана ұқсайтын болса һәм кім көрінгеннің ермегі болсам, мұндай өмірден не көремін? Ғұмырымды отыз жылдай қысқартыңыз, тәуір болар еді, — деп арыз айтып жалынып-жалбарыныпты.

Мұны естіп тұрған Адам тағы келіп, маймылдың отыз жасын сұрапты» [6; 170]. Міне, мифте жан-жануарлардың адамша сөйлеуін, алғашқы жаратылған кезінен басталған деген мәселені меңзейді. Сонымен, жоғарыдағы мифтерден біз үш түрлі жәйтті аңғарамыз. Біріншіден, мифтердегі аңдардың немесе құстардың сөйлеуі адамдар мен аңдардың арасында көрініс берсе, екіншіден, аңдардың өз ара дами тілде жауаптасуы, үшіншіден, құстардың сөйлескендігінің баяндалғаны байқалады. Міне, мифтердегі осындай ерекше көріністер діни дастандарда белгілі бір деңгейде түрлендіріліп қолданылған.

Аңызы көне дәуірден жеткен, оқырман қауымға кеңінен таныс дастандардың бірі — «Жүсіп-Зылиха». Аталмыш туынды кеңес дәуірі тұсында да бірнеше рет баспа бетінде жарияланған. Яғни, оны ол кезеңде діни дастан тұрғысында емес, ғашықтық қисса ретінде қабылдады. Оған себеп болған

шығарма сюжетіндегі Жүсіп пен Зылиханың арасындағы сүйіспеншілік еді. Сондықтан оған кеңес дәуірінде махаббатқа қатысты қыры ерекше талданып, сол бағытта тұжырым, түйіндер жасалды. Зерттеуші М.І.Әбдуов өзінің еңбегінде дастанның діни эпосқа жататындығын дәлелдеп берді. «Әрине, мұнда махаббаттың, сүйіспеншіліктің өзге діни дастандарға қарағанда айрықша жырланатындығын жоққа шығаруға болмайды. Дегенмен шығарманың өзегі дінде жатқандықтан, мұны Жүсіп пайғамбардың өмір туралы шығарылған эпикалық туынды десек қателеспейміз.

Сонымен, А.Қыраубаеваның, А.Жақсылықованың пікірлерін басшылыққа ала отырып, оқиғаның Инжіл, Құран кітаптарында «Қиссас-уль-әнбиәде» баяндалғандығын ескере келе, басты кейіпкері Жүсіп-пайғамбар болғандықтан, мазмұны дінмен сабақтасып жатқандықтан, «Жүсіп-Зылиха» дастанын діни эпосқа жатқызуға болады деген пікірді ұсынуды жөн көрдік» [10]. Міне, осы дастанда Жүсіпті жеп қойды деген қасқыр тіл бітіп, сөйлеп, өзінің Жүсіпке ешқандай жамандық жасамағанын жеткізеді:

*Қасқыр айтты: Жүсіпті жегенім жоқ,
Ғәм және қайда екенін білгенім жоқ.
Олда, тақсыр, балаңды мен көрмедім,
Бейкүнәмін, ей, тақсыр, сөзімді ұқ [7; 6].*

Әрине, аңның тіл бітіп, сөйлеуі мифологиядан келе жатқан қалыптасқан дәстүр. Сол дәстүр діни дастанда өзінің жалғасын тапқан. Бірақ мұнда түрлену бір. Біріншіден, мифтегі жан-жануарлардың сөйлеуі, өздігінен, яғни адамша сөйлеуі, оларға туа біткен тәрізді. Ал, діни дастанда Жакып-пайғамбардың тілеуі бойынша, Алланың құдіретімен тіл бітіп, сөйлейді. Яғни қасқыр адамша сөйлеу білмейді, пайғамбар тілеген соң орындалып тұр.

*Қасқырға бір Алладан әмір болды,
Алдында Исрафилдің сөйлейді енді [7; 6].*

Екіншіден, қасқыр адаммен сөйлесу барысында Аллаға мойын ұсынатындығын жария етеді.

*Ей, тақсыр, өзім де ақ, сөзім де ақ,
Мағлұм Алла куәге, жаратқан хақ [7; 6].*

Осы түрлендірудің барлығын мифта қолдана отырып, дінді насихаттау, адам санасына орнықтыру үшін пайдалатындығын аңғарамыз. Яғни діни дастандағы мифтік сюжеттердің түрленуі дінге бейімдеу болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Бердібаев Р. Эпос мұраты. — Алматы: Ғылым, 1997. — 9 б.
- 2 Азибаева Б. Казахский дастанный эпос. — Алматы: Ғылым, 2002. — С. 28.
- 3 Қалижанұлы У. Қазақ халқындағы діни-ағартушылық ағымдар. — Алматы: Ғылым, 2001. — 31-б.
- 4 Әбдігаптарова Ж. // Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы. Филология сер. — 2011. — № 2. — 8-б.
- 5 Әзібаева Б. Гүлшат-Шеризат. — Алматы: Ғылым, 2005. — 118 б.
- 6 Ежелгі қазақ мифологиясы. — Алматы: Аруана, 2006.
- 7 Жамсап. Дастан // Орталық Қазақстан. — 1991. — 13 сәуір.
- 8 Кербала шөлі киссасы // Ислам әлемі. — 1998. — 9 тамыз.
- 9 Қазақтың мифологиялық әңгімелері: Жин. — Алматы: Ғылым, 1999. — 54-б.
- 10 Әбдуов М. Қазақтың діни эпосы. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2006. — 71-б.

М.И.Абдуов, С.А.Сабитова

Пути преобразования мифов в религиозных эпосах

В статье рассмотрены пути преобразования и перехода из поколения в поколение, от человека к человеку мифов в религиозных эпосах. Отмечено то, что насколько преобразованы мифы посредством уточнения применения мифологических мотивов в религиозных эпосах. Кроме того авторами описано применение особых явлений в мифах.

M.I.Abduov, S.A.Sabitova

Ways of transformation of the myths in religious epics

The article discusses the ways of transformation and transition of the myths in religious epics from generation to generation, from person to person. Explains how myths converted by clarifying the application of mythological motives in the religious epics. And also, describes the use of special effects in the myths with conversion at a certain level of religious epics. In addition, take into account studies of religious artwork relating to their stories, content, poetics.

References

- 1 Berdibayev R. *Epos Muraty*, Almaty: Gylym, 1997, 119 p.
- 2 Azibayeva B. *Kazakhsky dastanny epos*, Almaty: Gylym, 2002, 228 p.
- 3 Kalizhanuly U. *Religious and educational directions of the Kazakh people*, Almaty: Gylym, 2001, p. 231.
- 4 Abdigapparova Zh. *Vestnik KazGU of al-Farabi*. The Philology series, 2011, No. 2, p. 8–15.
- 5 Azibayeva B. *Gulshat-Sherizat*, Almaty: Gylym, 2005, 118 p.
- 6 *Antichnsa Kazakh mythology*, Almaty: Aruana, 2006, 111 p.
- 7 *Zhamsap. Dastan // Ortalyk Kazakhstan*, 1991, April, 13.
- 8 *Hissa Kerbala play pranks the World of Islam*, 1998, August, 9.
- 9 *The Kazakh mythological stories the collection*, Almaty: Gylym, 1999, p. 154.
- 10 Abduov M. *Kazakh religious epos Karaganda*, Karaganda: KSU Publ., 2006, 171 p.

ӘОЖ 821.512.122

Р.С.Каренов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: 22gulim1988@mail.ru)

Ақан-сері — айтыс өнерінің дүлдүл көгі

Туғанына — 170 жыл, қайтыс болғанына — 100 жыл

Ақан серінің өз заманындағы басқа ақындармен және жыраулармен жыр тартысына түскен айтыстарына ерекше көңіл бөлінген. Мұндай поэзиялық жыр тартыстары мен айтыстар туған жерге және туған елге деген махаббатқа толы екендігі көрсетілген. Көптеген айтыстардың табиғат пен адам түйсігінің әсем бояуларын сезінумен ерекшеленетіні көрсетілген. Өмірінің соңғы жылдарын Ақан серінің күнделікті қарапайым тіршіліктен оқшауланып құс салып, тазы жүгіртуге бір жола көшіп, жалғыздықта өткізгендігі суреттелген. Осынау әрі ақын, әрі композитор, әрі әнші ғажайып адамның қазақ әдебиетіндегі бейнесі роман мен драманың, поэма мен көптеген өлеңдердің дүниеге келуіне негіз болғандығы көрсетілген.

Кілт сөздер: айтыс, ақын, жер, халық, ілтипат, жүйрік, құс, ән, науқас, тағдыр, өмір, шығарма, мұра.

Kіріспе

Ақын шығармашылығында айтыс едәуір орын алған. Ақан серінің алғашқы айтыс-қағыс өлеңдерінің бірі — «Жүсіп төреге» (Тәкінің Жүсібіне қайтарған жауап өлеңі).

Сері Орынбай, Қожамбек, Нұркей, Тезекбай, Мұқан, Ғалияңұр, Әділ сияқты ақындармен сөз бәсекесіне түскен. Өкінішке орай, Орынбай, Нұркей, т.б. он шақты ақынмен айтыстарының үзінділері ғана сақталған.

Толығырағы — Нұрғожамен айтысы.

Серінің Нұрғожа ақынмен айтысуы

Ақан сері Қорамсаұлының Нұрғожа ақынмен бірінші айтысы келесідей [1; 190–192]: